

БҰЙРЫҚ

01.09.2021 № 23

**«Оқушылардың тамақтануын
ұйымдастыру туралы»**

2021 жылғы 20 тамызындағы №611 «Санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға» сәйкес, оқушылардың сапалы және дұрыс тамақтануын қамтамасыз ету мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. 2021 жылдың 2 қыркүйегінен бастап Қоянды ауылы №2 жалпы орта білім беретін мектепте 0-9(11) сынып оқушылары үшін ыстық тамақ ұйымдастырылсын.
1 сыныптар 100% бір мезгіл тегін ыстық тамақпен қамтылсын.
2. Мектеп асханасының жұмыс кестесі бекітілсін (Іқосымша)
3. Асханада кезекшілік кестесі бекітілсін.
4. Әлеуметтік педагогтар Аубакирова Г.Я. мен Сарсембекова Ж.М. оқушылардың тамақтануына бақылау жүргізуімен қатар, жергілікті бюджет және демеушілік қолдау қаражаты есебінен тегін тамақтанатын оқушылардың тізімін жасасын.
5. Әлеуметтік педагогтар Аубакирова Г.Я. мен Сарсембекова Ж.М.:
 - 5.1. Жергілікті бюджет және демеушілік қолдау қаражаты есебінен тегін тамақтанатын оқушылардың тамақтануы үшін күнделікті бақылау жүргізуді;
 - 5.2. Білім беру бөлімінің есепшісіне жергілікті бюджет есебінен тамақтанатын оқушылардың тамақтануын ұйымдастыруға шығындар бойынша нақты есептемелікті мерзімінде ұсынуды қамтамасыз етсін.
6. Мектептің медициналық қызметкерлері Кабыкеева А.Т., Козбакова Ж.А. міндетті тәртіпте:
 - 6.1. Санитариялық ережелерге сәйкес, ас блогының санитарлық жағдайы және оқушылардың тамақтануын ұйымдастыруды тұрақты бақылауды;

жолын кесу мақсатында ас блогы жұмыскерлерінің сәйкес күнделікті медициналық тексерілуін;






- 6.3. Азық-түлік шикізатын және өнімдердің қауіпсіздігі және сапасын куәландыратын құжаттар көлемінің толық болуын;
 - 6.4. Санитариялық ережелер 24,25 қосымшаларына сәйкес құжаттама жүргізуді;
 - 6.5. Аудандық Санитариялық-эпидемиологиялық сараптамалар орталығында дайын және шикі өнімнің сапасын ай сайынғы өзіндік бақылауын жүргізуге;
 - 6.6. Мәзірлерді және әзірлеу технологиясының қадағалануын, тамақ сапасын бақылауды қамтамасыз етсін.
7. Мектеп асханасының аспазы:
- 7.1. Дайын өнімнің тәуліктік күнделікті сынамасын әзірлеуге және мұздатқышта арнайы дайындалған орында сақтауға;
 - 7.2. Әзірлеу, тамақтану нормасы, мәзір технологиясын қадағалаумен, Санитариялық ережелерге сәйкес тамақ әзірлеуді қамтамасыз етсін.
8. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Директор



Каратаев Т.Б.

Бұйрықпен қол қою арқылы тапсысын:

Әлеуметтік педагогтар:		Лубакирова Г.Я.
		Сарсембекова Ж.М.
Медбикелер:		Қабыкеева А.Т.
		Қозбақова Ж.А.
Мектеп асханасын жапқа алушы:		Кәсімова Г.М.